

"Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 30 тамыз N 746. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.03.28. N 350 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау, өнім беріп тұруды мемлекеттік реттеу және халықты аса маңызды азық-түлік түрлерімен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сауда министрлігінің "Қазетсүтбалықөнеркәсіпсаудасының" осыған қосылған тізбеге сәйкес облыстық бөлу тоңазытқыштары негізінде акционерлік қоғамдарды біріктіру жолымен құрылатын мемлекеттік холдинг компаниясы құрылсын.

2. "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясы республикалық "Қазетсүтбалықөнеркәсіпсауда" концернінің құқылы мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

3. "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясына мемлекеттік саясатты:

- белгіленген тапсырмаларға сәйкес халықты қамтамасыз ету мұқтажына арналған белгілі бір номенклатура тауарларының және аса маңызды контингенттерінің қажетті ресурстары мен мемлекеттік резервтерін қалыптастыру, сақтау және пайдалану;
- компанияның номенклатурасына кіретін өнімдерді беріп тұру жөніндегі мемлекетаралық келісімдерді орындау және олардың республикаға әкелінуін қамтамасыз ету;
- республика аймақтары арасында ресурстармен маневр жасау; ірі өнеркәсіп орталықтарының нарықтық және нарықтан тыс тұтынушыларын жабдықтау үшін қажетті маусымаралық кезеңге арналған тауарлар қорын жасау;
- "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясына кіретін акционерлік қоғамдардың қызметін реттеу және аймақтар мен жеке тұтынушылар бойынша мал шаруашылығы, маргарин өнімдері, жұмыртқа, балалар тамағы, балық өнімдері және басқа азық-түлік ресурстарын республикада белгіленген бөлу тәртібіне сәйкес пайдалану;
- компанияның материалдық базасын дамыту мен жаңғырту, оның коммерциялық қызметі және кәсіпорындарының жарнасы есебінен мақсатты

қаржы қорларын қалыптастыру;

- "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясына кіретін кәсіпорындарды жаңғырту, жаңа объектілер салу үшін шетел инвестицияларын тарту мәселелерінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Сауда министрлігімен және "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясымен бірлесіп компанияның құрылтай құжаттарын әзірлеп, бекітсін.

5. "Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясының басқармасы Алматы қаласында "Қазетсүтбалықөнеркәсіпсауда" концернінің әкімшілік үйіне орналастырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 30 тамыздағы
N 746 қаулысына
қосымша

"Береке" мемлекеттік акционерлік компаниясына кіретін
акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

Ақмола бөлу тоңазытқышы
Ақтөбе бөлу тоңазытқышы
Атырау бөлу тоңазытқышы
Өскемен бөлу тоңазытқышы
Жамбыл бөлу тоңазытқышы
Жезқазған бөлу тоңазытқышы
Балқаш бөлу тоңазытқышы
Орал бөлу тоңазытқышы
Қарағанды бөлу тоңазытқышы
Қызылорда бөлу тоңазытқышы
Көкшетау бөлу тоңазытқышы
Қостанай бөлу тоңазытқышы
Жаңа Өзен бөлу тоңазытқышы

Петропавл бөлу тоңазытқышы
Павлодар бөлу тоңазытқышы
Екібастұз бөлу тоңазытқышы
Семей бөлу тоңазытқышы
Талдықорған бөлу тоңазытқышы
Арқалық бөлу тоңазытқышы
Шымкент бөлу тоңазытқышы
N 2 Алматы бөлу тоңазытқышы
"Көмек" көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны
(N 1 Алматы бөлу тоңазытқышы)